

Әлеуметтік -педагогтың жылдық есебі

Әлеуметтік-педагогтың атқарған жұмыстары.

2023-2024 оқу жылында әлеуметтік педагогтың жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік тенсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Оқу жылының басында педагогтың жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:

- I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу
- II. Бала құқығын қорғау жұмысы
- III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс
- IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, камқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы
- V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс
- VI. Диагностикалау-талдау қызметі

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы:

Сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынды. Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Төмендегі кестеде 2023-2024 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік көрсеткіші

Әлеуметтік мәртебесі	Толық отб.	Толық емес отб.	Анасы жоқ балалар	Әкесі жоқ балалар	Көп балалы отб.	Аз қамтамасыз етілген отб.	Жетім балалар, ААҚ Қ	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар
2023-2024 оқу жылы	130	6	-	12	75	2	-	-

Мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру



II. Бала құқығын қорғау жұмысы. Оқу жылында бала құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды. Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Тренингтер өткізілді.



Төлеби ауданы білім бөлімінің 23.11.2023 жылғы #326-п бұйрығының негізінде "Ақбастау" жалпы білім беретін мектебі КММ-де 25 қараша мен 10 желтоқсан арасында "Зорлық -зомбылыққа қарсы 16 күн" акциясы өткізілді. Акцияның мақсаты:Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу,құқықбұзушылықты болдырмау,сенімді

мінез -құлықты дамыту. Іс-шараның жоспары құрылып бекітілді. Жоспар бойынша тәрбиеодақ мүшелері жұмыстар атқарды.Атап айтқанда мектеп кітапханашысы А.Туреханова "Отбасындағы зорлық-зомбылық өзекті мәселе" тақырыбында кітап көрмесін ұйымдастырып оқушылармен ой бөлісті.

" Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ " тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Ұйымдастырушы педагог К.Досымбетова оқушылардан "Біз зорлық- зомбылыққа қарсымыз" тақырыбында ЭССЕ жаздырып талдау жасады.Тәлімгер З.Жумагельдиева "Вейп түтінін жұту, ажал тұтқанмен бірдей" тақырыбында 8-11 сынып арасындағы оқушылармен темекінің зияны туралы түсіндірме жұмысын жүргізді. Педагог-психолог Г.Садвакасова жоғарғы сынып оқушыларына "Зорлық -зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында тренинг өтіп, видео көрсетілім көрсетіп оқушыларға психологиялық кеңес берді. 9а-сынып жетекшісі Г.Сүлейменова және психолог Г.Садвакасованың ұйымдастыруымен жаңа форматта ата- аналармен жиналыс өткізді. Жиналыс барысында психолог "Жүрек жылуы" тақырыбында тренинг өтті . Тренинг барысында ата-аналар балаларымен қарым -қатынасы туралы ой бөлісіп, ата-аналарға жадынама таратылды. Жиналыс барысында ДТДЖО Б.Тлегенова ата-аналарға педагогикалық колдау көрсетті.



"Ақбастау" жалпы білім беретін мектеп" КММ- де 09.11.2023ж.күні Төлеби ауданы АПБ -ның кезекші бөлім бастығы Үмбетов Сапарғали Умирсерикович және Төлеби АПБ-нің ЖПК ЮПТ УПИ полиция аға лейтенанты

Айнабаев Азамат Абдихаймұлы мектеп жоғары сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Кездесу барысында кәмелетке толмағандар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың бақылаусыз қалуын болдырмау, зиянды әдеттерден сақтану, жолда жүру ережелері, *түнгі мезгілде көшеде жүрмеу, кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер автокөлік айдауға болмайтындығы туралы айтып өтті.* Оқушылар арасында әлімжеттік, күш көрсету жөнінде тәрбие одақ мүшелерімен бірлесіп түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар саны–0. «Қамқоршылар күні» мерекесіне орай мерекелік шаралар ұйымдастырылып, оқушылардың қамқоршыларына қолдау көрсетілді. Тамыз айында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Акция аясында әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдау көрсетілді. Акция аясында қолдау көрсетілген оқушылардың көрсеткіші төмендегідей.

2023-2024 оқу жылы	Саны (оқушы)	Сомасы (теңге)
Қаржылай көмек алғандар	5	250 000 тг
Материалдық көмек алғандар (мектеп формасы, кеңсе құралдары және т.б.)	5	150 000 тг
№64 қаулыға сәйкес қаржылай көмек алғандар	4	50 000 тг
Жалпы	14	450 000 тг



III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс туралы.

Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

Мектепшілік есепте тұрғандар – 0.

Тәуекел топтағы оқушылар – 24.

Қалалық ІІБ есебінде тұрғандар – 0.

Есепте тұрған оқушылардың үй-тұрмыс жағдайлары жасалынып, ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Оқушылардың есепке алынуының әлеуметтік себептерін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнамалар алынып, отбасыларына әлеуметтік-педагогикалық мінездеме берілді. Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге «Бала құқығы», Құқықбұзушылықтың салдары» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



"Жүректен жүрекке " қайырымдылық акциясы

Төлеби ауданы білім бөліміне қарасты "Ақбастау" жалпы білім беретін мектебі КММ "Біртұтас" тәрбие бағдарламасына сәйкес 17.01 -17.02.2023 жыл аралығында Республикалық "ДОСБОЛЛИКЕ" акциясы өткізілді. Жоспарға сәйкес барлық іс шараға мектеп оқушылары мен ұстаздары белсене қатысты. Іс шара өз деңгейінде өтілді. 16.02.2024 ж. ұйымдастырушы педагог Г. Досымбетованың және әлеуметтік педагогтың м.у. а М.Кенжекулова ата -аналардың қолдауымен "Жүректен жүрекке " қайырымдылық акциясын өткізді. "ДОСБОЛЛИКЕ" акциясының қорытынды бөлімінде " Спорттағы достық", «Шығармашылық ынтымақтастық» көңілді сурет сайысы, «Дос болайық бәріміз» ән айту, «Менің атым қожа» фильмінен үзінді қойылымының үздік актеры, Волейбол (қыздар арасында), Волейбол (ұлдар арасында) жолдастық кездесулердің жеңімпаздары анықталып мектеп директорының алғыс хатымен марапатталды. Іс шара өз мәресіне жетіп оқушылардың бір біріне деген достықтары, ұстаздарға деген сыйластықтары арта түсті.



"Наурыз-мейірімділік мекені"

4 – 23 наурыз аралығында өткізілетін "Наурызнама" онкүндігінің аясында "Ақбастау жалпы білім беретін мектеп " КММ-де 15-наурыз күні мектебімізде "Наурыз-мейірімділік мекені" атты қайырымдылық акциясы болып өтті. 5-10-сынып оқушыларының ата-аналары қазақтың ұлттық тағамы Наурыз көже мен бауырсақтар пісіріп қайырымдылық ретінде берілді. Оқушылар өз ризашылықтарын білдірді. Наурыз көженің қасиетті ас екені айтылып өтті. Оқушылар алғыстарын білдірді. Наурыз мерекесі құтты болсын!



IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы туралы.

Мектептің педагогикалық кеңесінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық қолдау көрсету, асыраушысынан айырлған және аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан оқушылардың құқығының бұзылмауы, оқушыларды тегін жазғы қала лагерьмен қамту бойынша мәселелер қаралды.

Мектептің Қамқоршылық кеңесінің отырыстарында мектеп қорына демеушілер және өзге де демеушілерден келіп түскен көмекті үлестіру, №64 қаулыға сәйкес білім алушыларға қаржылай көмекті тағайындау және оқушылардың қала сыртындағы лагерьлерге жіберу туралы мәселелер

кабылданып, шешімдер шығарылды. 2023-2024 оқу жылында жазғы демалысқа 10 оқушыны қала сыртындағы лагерьмен камтылса, келесі оқу жылында оданда көп оқушы қала сыртындағы лагерьмен камтылады деп күтілуде. Ата-анасы шет елге кетіп, ата-апасымен тұратын оқушының отбасылық, әлеуметтік жағдайы бақыланды.

S Күшті жақтары	W Әлсіз жақтары
Қайырымдылық айлығының тиімді ұйымдастырылуы. «Мектепке жол» акциясы нәтижелі жүзеге асырылуы. Зерделеу нәтижесіне сәйкес әлеуметтік педагогтың іс-құжаттарының талап сай жүргізілуі.	Оқушылардың ыстық тамақпен камтылуы. «1 маусым-Балалар күні» мерекесіне демеушілердің тартылмауы.
O Мүмкіндіктері	T Қауіп-қатерлері
Өзін-өзі жетілдіру мақсатында біліктілікті арттыру курстарына катысу. Қайырымдылық шараларына демеушілерді тарту жұмыстарының нәтижелілігі.	Ата -аналардың жауапкершіліктің әлсіз болуы. Оқушылардың сабаққа катысуы бойынша сараптамалық-талдау жүйесінің әлсіздігі.

2023-2024 жылы атқарылған жұмыстарға SWOT талдау

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді. Анасымен және өгей әкесі мен тұратын оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы және әлеуметтік ерекшеліктері баса назарға алынып, мектеп психологы оқушыларды өз бақылауында ұстап отыр. Көпбалалы отбасының оқушыларын түрлі мәселелер (қаржылай көмек алу, оқушыны лагерьмен камту, бала тәрбиесі, мамандық тандау, баламен қарым-қатынасы және т.б.) бойынша жыл бойы әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Токсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысына катысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді. Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысында әлеуметтік мәселелер бойынша баяндама оқылды.

VI. Диагностикалау-талдау қызметі туралы.

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Оның ішінде, «Отбасымдағы өз ойым, өз орным» сауалнамасы, «Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі» әлеуметтік сауалнамасы, «Мектептегі ыстық тамақ және буфеттік тамактану» сауалнамасы алынып, нәтижелері шығарылып, қорытындыланды. Білім алушылардың әлеуметтік картасы және отбасы картасы жасалынды.